5. Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасы өзгерген жағдайда, осы Саясат өзгертілуге және (немесе) толықтырылуға жатады.

6. Осы Саясатта мынадай негізгі қысқартулар мен ұғымдар пайдаланылды:

дербес деректерді қамтитын база (бұдан әрі – база) – ретке келтірілген дербес деректердің жиынтығы;

дербес деректерді бұғаттау – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтатуға бағытталған әрекеттер;

ІНҚ – МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаты (құжаттары);

дербес деректерді қорғау – Заңда белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

дербес деректерді пайдалану – меншік иесінің, оператордың және үшінші тұлғаның қызмет мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жасалатын әрекеттер;

дербес деректерді жинақтау – дербес деректерді қамтитын базаға енгізу арқылы дербес деректерді жүйелеу жөніндегі әрекеттер;

дербес деректерді иесіздендіру – жүзеге асырылуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын әрекеттер;

дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер;

дербес деректерді қамтитын базаның операторы (бұдан әрі – оператор) – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын МҚҰ;

дербес деректер – бір немесе бірнеше дербес деректер сәйкестендіргішімен толықтырылған дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер немесе мәліметтер жиынтығы;

қолжетімділігі шектеулі дербес деректер – қолжетімділігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген дербес деректер;

дербес деректерді тарату – дербес деректерді, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беруге немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қол жеткізуге мүмкіндік беретін әрекеттер;

дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер;

дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект) – дербес деректер жататын жеке тұлға;

дербес деректерді трансшекаралық беру – дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына беру;

үшінші тұлға – субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ олармен (онымен) дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен байланысты тұлға;

дербес деректерді жою – нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын әрекеттер;

уәкілетті орган – дербес деректерді қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

дербес деректерді сақтау – дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттер.

Осы Саясаттың мәтінінде пайдаланылатын өзге де арнайы терминдер мен қысқартулар ІНҚ-да бекітілген мағынасына сәйкес, ал олар ІНҚ-да болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағынасына сәйкес пайдаланылады.

2-тарау. Дербес деректерді жинаудың және өңдеудің негізгі қағидаттары

7. МҚҰ-ның дербес деректерді жинауы және өңдеуі мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:
   1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау – дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде МҚҰ Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілдік берілген субъектілердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың бұзылуына немесе негізсіз шектелуіне жол бермейді. Мүліктік залал және (немесе) моральдық зиян келтіру, субъектінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды шектеу мақсатында дербес деректерді жинауға және өңдеуге жол берілмейді;
   2) заңдылық – дербес деректерді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері сақтала отырып, заңды негіздерде жүзеге асырылады;
   3) дербес деректерді жинау және өңдеудің нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарына қол жеткізу – дербес деректерді жинау және өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектеледі. Мазмұны мен көлемі оларды өңдеу мақсаттарына қатысты артық болып табылатын дербес деректер өңделуге жатпайды;
   4) дербес деректерді өңдеу және сақтау мерзімдерін шектеу – дербес деректерді өңдеу және сақтау, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде МҚҰ тарапынан жүзеге асырылады;

5) қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы – дербес деректерді өңдеу кезінде МҚҰ қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді рұқсатсыз қол жеткізуден, пайдаланудан, өзгертуден, таратудан, беруден, жоюдан және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құпиялылық режимін сақтау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды;

6) субъектілер құқықтарының теңдігі – дербес деректерді өңдеу кезінде МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің тең дәрежеде қорғалуын қамтамасыз етеді;

7) тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – дербес деректерді өңдеу кезінде МҚҰ дербес деректерді қорғауға және олардың заңсыз пайдаланылуын болдырмауға бағытталған қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды, осылайша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

3-тарау. Дербес деректерді жинаудың және өңдеудің негізгі мақсаттары

8. МҚҰ дербес деректерді мынадай мақсаттарда жинауды және өңдеуді жүзеге асырады:

1) МҚҰ мен субъект арасында МҚҰ-ның кәсіби және өзге де қызметін жүзеге асыру шеңберінде шарттарды жасасу, орындау, бұзу және тоқтату;

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында субъектіні сәйкестендіру, верификациялау және аутентификациялау, оның жеке басын анықтау және растау;

3) МҚҰ ұсынатын қаржылық өнімдер мен қызметтерді ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өзге тұлғалардың тауарларын, жұмыстарын, қызметтерін және зияткерлік қызмет нәтижелерін ілгерілету;

4) субъектілермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, субъектілердің өтініштерін, арыздары мен шағымдарын қарау, өтініштерге жауаптар беру, сондай-ақ қызмет көрсету және субъектілермен өзара іс-қимыл сапасын бақылауды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын, шарттық міндеттемелерді орындау, ішкі бақылау мен аудит жүргізу және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында дербес деректерді қамтитын құжаттар мен мәліметтерді қалыптастыру, сақтау, өңдеу және ұсыну;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік органдарға, уәкілетті ұйымдарға, реттеуші органдарға және өзге де тұлғаларға есептілікті, ақпаратты және мәліметтерді дайындау және ұсыну;

7) алаяқтық және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жағдайларын анықтау, осындай құқыққа қайшы әрекеттердің одан әрі жасалуына жол бермеу және олардың салдарын оқшаулау;

8) маркетингтік бастамалар шеңберінде, оның ішінде субъектімен тікелей байланыс жасау арқылы сауалнамалар, статистикалық зерттеулер, нарықты талдау, байқаулар мен жүлделер ұтысын өткізу;

9) персоналды іздеу мен іріктеуді қоса алғанда, кадрлық әкімшілендіруді жүзеге асыру, еңбек қатынастарын рәсімдеу, еңбек шарттарын, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек функциялары мен міндеттерін орындауына байланысты өзге де келісімдерді жасасу, орындау, өзгерту, тоқтату және бұзу, кадрлық есепті жүргізу және Қазақстан Республикасының еңбек қатынастары саласындағы заңнамасының талаптарын орындау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мақсаттар.

4-тарау. Жиналатын және өңделетін дербес деректердің көлемі мен құрамы

9. МҚҰ жинайтын және өңдейтін дербес деректердің көлемі мен құрамы субъектімен құқықтық қатынастардың сипаты, жинау және өңдеу мақсаттары, МҚҰ ұсынатын өнімдердің (қызметтердің) түрі, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары, жасалған шарттардың талаптары және МҚҰ-ға жүктелген міндеттерді орындау қажеттілігі ескеріле отырып айқындалады.

10. Жиналатын және өңделетін дербес деректердің құрамы МҚҰ-ның міндеттерін орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесінде МҚҰ тарапынан айқындалады. Дербес деректердің тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, дербес деректерді жинау және өңдеуді жүзеге асыру болжанатын мақсаттарды, міндеттер мен процестерді талдау негізінде МҚҰ тарапынан қалыптастырылады және өзектендіріледі.

11. Дербес деректерді жинау және өңдеу МҚҰ тарапынан мәлімделген жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында, шарттарда, ІНҚ-да айқындалған міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті көлемде, сондай-ақ дербес деректердің тізбесіне сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

12. МҚҰ ағымдағы қызметін жүзеге асыру барысында қажеттілігіне қарай дербес деректерді пайдалануға қатысты өз міндеттеріне қайта талдау жүргізеді, оның негізінде дербес деректердің тізбесіне өзгерістер енгізіледі.

13. Мазмұны мен көлемі МҚҰ жүзеге асыратын міндеттерге қатысты артық болып табылатын дербес деректер дербес деректердің тізбесіне енгізілмейді.

14. МҚҰ қызметінің мақсаттарына қол жеткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттерді орындау үшін мынадай субъектілердің дербес деректерін жинауды және өңдеуді жүзеге асырады:

1) шартты жасасу, орындау, бұзу және тоқтату үшін қажетті көлемде және мерзім ішінде клиенттердің, контрагенттердің, олардың өкілдері мен контрагенттердің байланыс тұлғаларының;

2) еңбек шартын жасасу, орындау, бұзу және тоқтату үшін қажетті көлемде және мерзім ішінде МҚҰ қызметкерлерінің;

3) МҚҰ қызметінің мақсаттарына қол жеткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттерді орындау үшін қажетті көлемде және мерзім ішінде МҚҰ-ның үлестес тұлғаларының;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректері жиналуға және өңделуге тиіс өзге де тұлғалардың.

15. МҚҰ дербес деректерді жинауды және өңдеуді мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

1) МҚҰ-ның цифрлық жүйелерін, бағдарламалық кешендері мен дерекқорларын пайдалана отырып, оның ішінде деректерді ішкі желілер және Интернет желісі арқылы бере отырып жүзеге асырылатын автоматтандырылған өңдеу;

2) автоматтандыру құралдарын пайдаланбай өңдеу, оның ішінде құжаттарды қағаз жеткізгіштерде өңдеу;

3) автоматтандырылған құралдарды пайдалана отырып және оларды пайдаланбай дербес деректерді аралас өңдеу.

16. МҚҰ биометриялық деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және мақсаттарда жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.

5-тарау. Дербес деректерді жинау және өңдеу тәртібі мен шарттары

17. Дербес деректерді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен МҚҰ тарапынан жүзеге асырылады. Дербес деректер МҚҰ-да техникалық құралдардың көмегімен де, мұндай құралдарды пайдаланбай да өңделеді және қағаз, сондай-ақ электрондық жеткізгіштерде ұсынылуы мүмкін.

18. Субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді жазбаша түрде, мемлекеттік сервис, мемлекеттік емес сервис арқылы не келісімнің алынғанын (кері қайтарып алынғанын) растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен береді (кері қайтарып алады). Мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың цифрлық объектілерінде қамтылған дербес деректерді жинау және (немесе) өңдеу кезінде келісім мемлекеттік сервис арқылы беріледі.

19. Дербес деректерді өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімнен аспауға тиіс.

20. Дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімнің қолданылу мерзімі көрсетілмеген жағдайда, ол келісім берілген кезде айқындалған өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгенге дейін қолданыста деп есептеледі.

21. Субъект немесе оның заңды өкілі МҚҰ-ға хабарлай отырып, дербес деректерді жинауға, өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуға құқылы.

22. МҚҰ 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, егер оларды сақтау немесе өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілмесе, дербес деректерді өңдеуді тоқтатуға немесе уәжді бас тартуды ұсынуға міндетті.

23. Субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге берген келісімін, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе немесе МҚҰ алдында орындалмаған міндеттемесі болған жағдайда, кері қайтара алмайды.

24. Дербес деректерді таратуға субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болған жағдайда, егер бұл ретте басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне нұқсан келтірілмесе, жол беріледі.

25. Дербес деректерді жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттарының шеңберінен шығатын жағдайларда дербес деректерді тарату субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады.

26. Дербес деректерді трансшекаралық беру, оларды жалпыға қолжетімді көздерде тарату, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беру арқылы өңдеу субъектінің келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.

27. Заңға сәйкес дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру осы мемлекеттер дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда ғана жүзеге асырылады.

28. Дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағына дербес деректерді трансшекаралық беру мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

    1) субъектінің немесе оның заңды өкілінің дербес деректерін трансшекаралық беруге келісімі болған жағдайда;

    2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда;

    3) егер бұл конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажет болса, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайда;

    4) субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімін алу мүмкін болмаған кезде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында.

6-тарау. Дербес деректерді қорғау жөніндегі шаралар

29. МҚҰ Заңға және уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес дербес деректерді қорғау жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

30. МҚҰ-ның дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттері дербес деректер жиналған сәттен бастап туындайды және олар жойылғанға немесе иесіздендірілгенге дейін қолданылады.

31. Дербес деректерге қол жеткізу, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, субъектінің немесе оның заңды өкілінің оларды жинауға және өңдеуге МҚҰ-ға берген келісімінің талаптарымен айқындалады.

32. МҚҰ қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығын субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негіз болмаған жағдайда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етеді.

33. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізу лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындау үшін осындай қолжетімділік қажет болатын МҚҰ қызметкерлеріне және өзге де уәкілетті тұлғаларға ғана, берілген өкілеттіктер шегінде және қолжетімділіктің ең аз қажетті көлемі қағидаты сақтала отырып беріледі.

34. Кәсіби, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер белгілі болған тұлғалар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

35. МҚҰ дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты, МҚҰ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтауына ішкі бақылауды жүзеге асыратын тұлғаны тағайындайды.

7-тарау. Дербес деректерді жою

36. Субъект немесе оның заңды өкілі МҚҰ-ның дербес деректерді жинау және өңдеу жөніндегі талаптарды сақтауын тексеру мақсатында уәкілетті органға жүгінуге құқылы.
37. Уәкілетті орган субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтінішін МҚҰ-ны тарта отырып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде қарайды.
38. Дербес деректерді жинау және өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, субъект МҚҰ-дан өзінің дербес деректерін бұғаттауды талап етеді.
39. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинаған және өңдеген дербес деректер, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге жағдайларда субъектінің талабы бойынша жойылуға жатады.
40. Дербес деректер МҚҰ тарапынан:
    1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтау мерзімі өткеннен кейін;
    2) субъект пен МҚҰ арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған кезде;
    3) сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
    4) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, субъектінің келісімінсіз дербес деректерді жинау және өңдеу фактісі анықталған кезде;
    5) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа да жағдайларда жойылуға тиіс.

8-тарау. Субъектілердің құқықтары мен міндеттері

41. Субъект құқылы:
    1) МҚҰ-да өзінің дербес деректерінің бар екендігі туралы білуге, сондай-ақ дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсаттарын, көздерін, тәсілдерін, дербес деректердің тізбесін, оларды өңдеу мерзімдерін, оның ішінде сақтау мерзімдерін растайтын ақпаратты алуға;
    2) тиісті құжаттармен расталған негіздер болған кезде МҚҰ-дан өзінің дербес деректерін өзгертуді және толықтыруды талап етуге;
    3) дербес деректерді жинау және өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда МҚҰ-дан өзінің дербес деректерін бұғаттауды талап етуге;
    4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жиналған және өңделген дербес деректерін, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа жағдайларда жоюды МҚҰ-дан талап етуге;
    5) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, жалпыға қолжетімді көздерде таратуға, үшінші тұлғаларға беруге және трансшекаралық беруге келісімді кері қайтарып алуға;
    6) МҚҰ-ға өзінің дербес деректерін дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде таратуға келісім беруге (бас тартуға);

7) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, оның ішінде моральдық және материалдық зиянды өтеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

42. Субъект өзінің дербес деректерін өңдеуге қатысты мәліметтерді МҚҰ-ға жазбаша сұрауы арқылы алуға құқылы. Өтініш субъект немесе оның заңды өкілі тарапынан жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) жасалған шартта көзделген тәсілмен беріледі.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер көзделмесе, МҚҰ субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субъектіге қатысты ақпаратты хабарлайды.

44. Субъектіге немесе оның заңды өкіліне ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, МҚҰ өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер көзделмесе, уәжді жауап береді.

45. Субъектінің дербес деректерін өңдеуге қатысты мәліметтер оған МҚҰ тарапынан қолжетімді нысанда беріледі және басқа субъектілерге қатысты дербес деректерді қамтымайды, осындай дербес деректерді ашудың заңды негіздері болған жағдайлар кірмейді.

46. Субъект Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда өзінің дербес деректерін ұсынуға міндетті.

9-тарау. МҚҰ-ның құқықтары мен міндеттері

47. МҚҰ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен дербес деректерді жинауға және өңдеуге құқылы.

48. МҚҰ міндетті:

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, МҚҰ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекітуге;

2) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатты айқындайтын құжаттарды бекітуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғау үшін қажетті, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға және сақтауға;

4) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын сақтауға;

5) дербес деректерді жинау және өңдеу мақсатына қол жеткізілген жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа жағдайларда оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

6) уәкілетті органның сұрауы бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау шеңберінде МҚҰ-ның Заң талаптарын сақтауын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тәсілдер мен рәсімдер туралы ақпарат беруге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда субъектінің оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім бергенін растайтын дәлелдемені ұсынуға;

8) субъектінің өтініші бойынша оған қатысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде хабарлауға;

9) субъектіге немесе оның заңды өкіліне ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде уәжді жауап беруге;

10) бір жұмыс күні ішінде:

тиісті құжаттар негізінде дербес деректердің дұрыстығын растай отырып, оларды өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе оларды өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған жағдайда дербес деректерді жоюға;

оларды жинау және өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, субъектіге қатысты дербес деректерді бұғаттауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинау және өңдеу фактісі расталған жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа жағдайларда дербес деректерді жоюға;

дербес деректерді жинау және өңдеу шарттарының бұзылғаны расталмаған жағдайда, дербес деректерді бұғаттауды алып тастауға;

дербес деректердің қауіпсіздігі бұзылғаны анықталған сәттен бастап уәкілетті органға дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректерін көрсете отырып, осындай бұзушылық туралы хабарлауға;

11) субъектіге немесе оның заңды өкіліне осы субъектіге қатысты дербес деректермен танысу мүмкіндігін өтеусіз беруге;

12) дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындауға.

10-тарау. Жауапкершілік

49. Заң талаптарын, осы Саясаттың талаптарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық, әкімшілік, тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тартылады.

11-тарау. Қорытынды ережелер

50. Осы Саясат 2026 жылғы 10 тамыздан бастап күшіне енеді.

51. Осы Саясатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар МҚҰ-ның басқару органының шешімімен енгізіледі.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруінің нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келген жағдайда, осы Саясатқа өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігін басшылыққа алу қажет.